

## Құпиялылық саясаты

Құпиялылық саясатының «24» қаңтар 2024 ж. редакциясы

Осы Құпиялылық саясаты (бұдан әрі – «Саясат») **«BazarJaq Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** (бұдан әрі – «Орындаушы») Сізден (пайдаланушылардан) Сіздің Орындаушы мен оның үлестес тұлғаларының веб-сайтын (оған қоса, бірақ онымен шектелмей Интернет желісінде <https://bazarjoq.kz/ru> (Интернет-магазин) мекенжайы бойынша орналастырылған), бағдарламалық-аппараттық кешен болып табылатын (бұдан әрі бірге – «Сервис» деп аталады) қолданбалы бағдарламаларын (соның ішінде мобильдік құрылғыларға арналған бағдарламаларын (мобильдік қосымшасын)) пайдалануыңыздың барысында, сондай-ақ Орындаушының Сіздің Сервистік пайдалануыңызбен байланысты Сізбен жасалған және жасалуы жоспарланып отырған кез келген шарттарды/келісімдерді орындауы барысында алуы мүмкін дербес деректерді қоса алғанда, барлық ақпаратқа қатысты қолданылады.

Орындаушы дербес деректерді өз серіктестерінен (бұдан әрі – «Серіктестер»), сайттардан, бағдарламалардан, өнімдерді/тауарларды немесе Сіз пайдаланатын сервистерді сатушылардан/жеткізушілерден (мысалы, Орындаушының жарнама берушілерінен), яғни Орындаушы көліктік, пошталық, жеткізу, веб-сайттардың хостингі, Сервистердің ақпараттық жүйелерінің хостингі, сұрақ-жауап жүргізу, нарықты талдау, маркетингтік қызметтерді көрсету, жарнама бойынша серіктестер сервистерін, Орындаушы көрсететін қызметтердің сапасын жақсарту, тауарларды сату, консалтингтік қызметтер көрсету туралы шарттарды/келісімдерді жасасқан жеке тұлғалардан және/немесе заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден ала алады. Дербес деректерді тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес беруге жол беріледі және бұл Орындаушы мен әр Серіктестің арасында жасалған шарттардың/келісімдерді негізінде жүзеге асырылады.

Сіз Сервисті пайдалана алуыңыз үшін Сіздің дербес деректеріңізді Орындаушы жинайды және пайдаланады.

### Негізгі түсініктер

*«дербес деректер»* – анықталған немесе солардың негізінде анықталатын дербес деректер субъектісіне (жеке тұлғаға) қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасымалдағышта жазылған мәліметтер. Дербес деректерге тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, ұйымның атауы, атқаратын лауазымы, телефон нөмірі, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, электрондық пошта мекенжайы, жеткізу мекенжайы, Сервистегі есеп жазбасына кіруге арналған логин және басқа да жеке және/немесе іскерлік байланыс ақпараты жатқызылуы мүмкін.

*«дербес деректерді жинау»* - дербес деректерді алуға бағытталған іс-қимылдар.

*«дербес деректерді өңдеу»* – дербес деректермен автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе оларды пайдаланбай жасалатын, дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, соның ішінде трансшекаралық беруге, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған кез келген іс-қимыл немесе іс-қимылдар жиынтығы.

*«дербес деректердің құпиялылығы»* - Орындаушы және дербес деректерді қол жеткізуге рұқсат алған басқа тұлға сақтауға міндетті олардың дербес деректер субъектісінің келісімінсіз немесе басқа заңды негізсіз таралуына жол бермеу талабы.

*«Пайдаланушы»* - <https://bazarjoq.kz/ru> Сервисін пайдаланушы, атап айтқанда Орындаушымен Сервис арқылы өз атынан өзара әрекеттесетін жеке тұлғалар, немесе олар өкіл болып табылатын заңды тұлғаның, сондай-ақ жеке кәсіпкерлердің атынан және оның мүддесінде әрекет ететін жеке тұлғалар. «Пайдаланушы» ұғымына сондай-ақ тіркелген

пайдаланушылар, есеп жазбалары жоқ пайдаланушылар (қонақтар), авторландырылмаған пайдаланушылар, соның ішінде Орындаушымен шарт/келісім жасасқан немесе Пайдаланушының (заңды/жеке тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің) уәкілетті өкілі болып табылатын тұлғалар жатады.

«Дербес деректерді қорғау» - шаралар, соның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – «Заң») белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын құқықтық, ұйымдастыру және техникалық шаралар жиынтығы.

## **1. Жалпы ережелер**

Орындаушы Пайдаланушылар сұрататын қызметтерді ұсыну, тауарларды сату үшін қажетті ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, байланыс-орталық арқылы кеңес алу үшін Орындаушыға жүгіну кезінде, тауарды сатып алу кезінде және оны Сервис арқылы қайтару кезінде, маркетингтік бағдарламаларға қатысу, пікірлерді алу және т.б. үшін сұрата алады. Пайдаланушылар сондай-ақ өз деректерін Орындаушының Сервисінде тіркелген кезде Орындаушыларға береді. Пайдаланушылар Орындаушыларға беретін дербес деректер сонымен бірге мобильдік қосымшада және/немесе Интернет-магазинде орналастырылған Жария оффертада аталған.

Пайдаланушылардың дербес деректерін Орындаушының жинауы және өңдеуі үшін сонымен бірге Пайдаланушылардың Жария оффертаның қабылдауы (акцептісі) негіз бола алады. Бірқатар жағдайларда Орындаушы дербес деректерді Пайдаланушылардың мүдделерін қорғау немесе Орындаушының мүдделерін қорғау үшін заң бойынша өз міндеттерін орындау мақсатында жинайды. Орындаушы мына жағдайларда дербес деректерді жинауы, өңдеуі және пайдалануы мүмкін:

– Сіз Орындаушының Сервисіне кез келген құрылғыдан қол жеткізуге рұқсат алғаныңызда және деректерді Орындаушыға берген немесе Орындаушымен осы Саясатқа сәйкес кез келген түрде қатынасқан кезіңізде;

- Сіз Орындаушыға сұрақпен, шағыммен жүгінгенде, өз пікірлеріңізді немесе ескертулеріңізді болмаса ұсыныстарыңызды жібергенде (атыңыз, байланыс ақпаратыңыз және жүгінудің мазмұны сияқты деректерді қалдырған кезіңізде). Мұндай жағдайларда Орындаушы ұсынылған дербес деректерді тек қана жүгінуге жауапты дайындау және мәселені белгіленген тәртіппен қарау мақсаттарында пайдаланады;

- Орындаушы өз Пайдаланушыларына қызметтерді көрсеткен, тауарларды сатқан (жеткізген) кезде;

- Орындаушы автоматты түрде жинайтын деректер (Пайдаланушының Сервисті пайдалануы туралы мәліметтер, техникалық деректер, оған қоса, бірақ онымен шектелмей: IP-мекенжай, браузер деректері, пайдалану тілі және Пайдаланушылардың операциялық жүйесі туралы деректер);

- Орындаушы серіктестерден және Орындаушымен тікелей немесе жанама байланысы бар басқа тұлғалардан Пайдаланушылар сұрататын қызметтерді ұсыну, тауарларды сату барысында алатын Пайдаланушылар туралы деректер.

## **2. Дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау қағидаттары. Дербес деректерді қорғау**

- дербес деректерді өңдеу заңды және бейтарап негізде жүзеге асырылады;
- өңдеуге тек қана оларды өңдеу мақсаттарына сай дербес деректер жатады;

- өңделетін дербес деректердің мазмұны мен көлемі мәлімделген өңдеу мақсаттарына сай. Өңделетін дербес деректер олардың өңдеудің мәлімделген мақсаттарына қатысты артық болып табылмайды.
- дербес деректерді өңдеу нақты, алдын ала анықталған және заңды мақсаттарға жетумен шектелмейді;
- Орындаушы дербес деректерді өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;
- Орындаушы дербес деректер субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтайды және дербес деректерді өңдеу кезінде оларды қорғауды қамтамасыз етеді;
- Тауарларды сату (жеткізу) кезінде, өз қызметтерін көрсету үшін дербес деректерді өңдеу қажеттігі туындаған кезде Орындаушы өз Пайдаланушыларынан тиісті тұлғаның келісімін алуын және дербес деректер субъектілеріне олардың деректерінің пайдаланылуы туралы қажетті ақпарат беруін сұрайды.
- Дербес деректерді сақтау мерзімі өңдеу мақсаттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына байланысты. Орындаушы дербес деректерді оларды жинау және өңдеу мақсаттарын орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, соның ішінде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамада көзделген Орындаушының міндеттемелерін орындау үшін қажет болғанынша сақтайды, содан кейін Орындаушы дербес деректерді жояды/өшіреді.
- Дербес деректерді сақтау мерзімін анықтау үшін Орындаушы дербес деректердің сипаты мен сезімталдығын, дербес деректерді рұқсатсыз пайдаланудан болуы мүмкін қауіпті, Орындаушының дербес деректерді жинау кезінде көздейтін мақсаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескереді.
- Пайдаланушы Орындаушыдан оның есеп жазбасын жоюды сұрауы мүмкін. Есеп жазбасы, оның құрамында болатын, бірақ онымен шектелмейтін: аты, тегі, ЖСН, телефон нөмірі, электрондық поштасы, жынысы, туған күні және қатынасу тілі жойылатын болады. Бұл ретте Пайдаланушының Сервиспен өзара әрекеттесуі туралы ақпарат, тауарларды сатып алу тарихы электрондық және қағаз түрінде сақталып қалады.

#### *Дербес деректерді қорғау:*

- Орындаушы Пайдаланушылардың дербес деректерін қорғау үшін барлық қажетті ұйымдастыру, техникалық және құқықтық шараларды қабылдайды. Орындаушы Пайдаланушылардың дербес деректерін көпшілік қол жеткізе алатын дереккөздерде жарияламайды. Орындаушы қабылдайтын қорғау шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына сай.

#### *Пайдаланушылардың міндеттері:*

- Орындаушыға дербес деректерге қол жеткізуге рұқсат бере отырып, Пайдаланушы олардың растығына кепілдік береді, сондай-ақ Орындаушыны дербес деректердегі өзгерістер туралы хабардар етіп тұруға міндеттенеді. Егер Пайдаланушының деректері дұрыс болмаса, онда Орындаушы Пайдаланушыларға тауарларды сату (жеткізу) және/немесе қызметтерді көрсету кезінде қиындықтарға тап болуы немесе Пайдаланушылардың алдындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттемелерін орындай алмауы мүмкін.
- Орындаушы Пайдаланушыларға Сервиске қол жеткізуді жүзеге асыру кезінде қолданылатын дербес құрылғыларды, құпиясөздерді және жеке ақпаратты

қорғаудың негізгі шараларын, соның ішінде келесі қауіпсіздік шараларын сақтауды ұсынады:

- сенімді құпиясөздерді пайдалану, құпиясөздерді мерзім сайын жаңартып тұру, құпиясөздерді және есеп жазбаларының атауларын қауіпсіз сақтаудың негізгі шараларын сақтау;

- электрондық поштаға, телефон қоңырауына, мессенджердегі хабарламаға немесе құпиясөзді, жеке басын куәландыратын деректерді немесе банк картасы деректерін және басқа да деректерді сұрататын кез келген тұлғадан келіп түскен хатқа жауап беру кезінде сақ болу. Мұндай деректерді бермеу, деректерді беру туралы келіп түскен сұрауға қатысты жағдайды анықтау үшін Орындаушының байланыс-орталығына қоңырау шалу;

- құпиясөзді және банк картасының нөмірін Интернет-магазиндегі қауіпсіз байланыс арқылы ғана енгізу;

Уәкілетті емес тұлғалардың дербес деректерге қол жеткізуге рұқсат алудан туындаған келеңсіз салдар үшін бүкіл жауапкершілікті Пайдаланушы толық көлемде өзі көтереді.

### **3. Орындаушы жинайтын деректер**

Орындаушының Сіз Сервисті пайдаланған кезде Сіз туралы жинаған дербес деректері Сіздің есеп жазбаңызды пайдалануыңыздың шеңберінде Орындаушы жинаған басқа дербес деректермен салыстырылуы және байланыстырылуы мүмкін. Орындаушы Сіз берген дербес деректерді тексермейді және олардың растығы, сондай-ақ сіздің дербес деректеріңізді беруіңіз үшін жеткілікті құқықтық қабілетіңіздің болу-болмауы туралы пікір түйе алмайды.

Дегенмен де, Орындаушы Сіздің дұрыс және жеткілікті дербес деректерді беріп отырғаныңызға, сондай-ақ оларды уақтылы жаңартып жүргеніңізге сүйенеді.

Орындаушы деректердің келесі түрлерін жинай алады:

– Орындаушының Сервисіндегі ақпараттық жолдарды толтыру, соның ішінде байланыс нысанын толтыру кезінде сіздің Орындаушыға беретін деректеріңіз;

– дербес деректер және Орындаушыға сіздің жіберетін және телефон байланысы арқылы ауызша беретін хабарламаларыңызда көрсетілген басқа ақпарат, оған қоса электрондық хабарламаларға, хаттарға тіркелген деректер;

– электрондық деректер (HTTP-тақырыпаттары, IP-мекенжай, cookie файлдары, вебмаяктар/пиксель тегтері, браузер сәйкестендіргіші туралы деректер, аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету туралы ақпарат, wi-fi желісінің деректері);

– географиялық орналасуы туралы ақпарат;

– Орындаушының кеңсесіне барған кезде сіздің Орындаушыға беретін дербес деректеріңіз;

– банк картасының нөмірі және оның жарамдылық мерзімі;

– Орындаушының Сіз бен тиісті серіктестің арасында жасалған келісімдердің/шарттардың, және Орындаушы мен Серіктестің арасында жасалған шарттардың/келісімдердің талаптарына сәйкес Серіктестерінен алатын Сіз туралы ақпараты;

– қызметтерді көрсету және кәсіби кеңес және қызметтердің нәтижелерін алу мақсаттарында Орындаушы алуы қажеті дербес деректер.

Орындаушы мақсатқа бағытталған сезімтал дербес деректерді (нәсілдік шығу тегі, саяси көзқарастары, денсаулығы туралы ақпарат және биометриялық деректер сияқты)

жинамайды. Бұл ретте Сіз Орындаушының мұндай өңдеуге Сіздің келісіміңізді сұрата алмайтынын ескеруіңіз керек, себебі ол Орындаушыға сіздің ұсынуыңыз мүмкін дербес деректеріңіздің әлеуетті сезімтал сипаты туралы алдын ала хабардар етілмеген.

Орындаушы деректерді қолданыстағы заңнамаға сәйкес Сіздің құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға айтарлықтай әсер етуі мүмкін дәрежеде Пайдаланушының «портретін» құру мақсатында жинамайды.

#### **4. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары**

Орындаушы Сіздің дербес деректеріңізді тек қана олар ұсынылған мақсаттарда, соның ішінде төмендегілер үшін өңдей алады:

– Сізге кейбір бөлімдерге қол жеткізуге рұқсат беру, оған қоса есеп жазбасын беру және т.б. үшін Сізді Орындаушының Сервистінде тіркеу;

– Сіздің алдыңыздағы, сондай-ақ өз Пайдаланушыларының алдындағы Орындаушының шарттың міндеттемелерін орындау, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Сервистің жұмысын қамтамасыз ету;

– Орындаушы және оның қызметтері туралы Сізге ақпарат беру;

– Сізге тапсырыс беруге дайын тауарлар туралы ақпарат беру;

– Сіздің өтініштеріңізге орай әрекет ету және қосымша ақпарат беру туралы сұрауларға жауап беру;

– Орындаушының қызметін және қызметтерін дамыту, оған қоса, бірақ онымен шектелмей тауарларды сату (жеткізу);

– қызметтерді көрсету және жаңа Пайдаланушыларды тарту мақсаттарында Орындаушының жұмыскерлеріне дербес деректерді беру;

– қажеттіліктері ұқсас Пайдаланушыларды анықтау;

– тауарларды сатуды жүзеге асыру үшін нарықтық үрдістерді талдамалық зерттеулерді, өзара қатынастар және перспективалар сұлбаларын орындау;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндеттемелерді сақтау;

– Көрсетілетін қызметтерді және оларды дамыту үдерістерін әкімшілендіру, соның ішінде:

Орындаушының Пайдаланушылармен қатынастарын басқару;

Орындаушының қызметтерін және қызмет жасау бағыттарын дамыту (атап айтқанда, Пайдаланушылардың қажеттіліктерін және қызметтерді көрсету тиімділігі мен сапасын арттыру үшін мүмкіндіктерді анықтау);

тиісті ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу және пайдалану;

Сервисті әкімшілендіру және оны басқару;

қауіпсіздікті, сапаны және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету бойынша шараларды орындау, соның ішінде:

○ қауіпсіздікке төнетін қауіптерді анықтау, тергеу және жою;

○ қызметтердің сапасын бақылау және Пайдаланушының қабылдаудың және онымен шарт жасасудың стандартты рәсімдерінің шеңберінде Пайдаланушыларға қатысты тәуекелдерді басқару;

○ Сіздің келісіміңізбен басқа мақсаттар үшін.

– Орындаушы мыналар үшін техникалық деректерді өңдейді:

– Орындаушы Сервистің жұмысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– Орындаушы Сервистің жұмысының сапасын жақсарту;

– Пайдаланушылардың профильдерін әкімшілендіру, ақаулықтарды іздеу және жою, есептілікті жүргізу және деректерді орналастыру, Сервисті басқару мақсатында басқа әкімшілік іс-қимылдарды орындау үшін;

- статистикалық деректер.

Орындаушы Сіз үшін заңдық салдарды туындататын немесе Сіздің құқықтарыңыз бен заңды мүдделеріңізді басқа жолмен қозғайтын шешімдерді тек қана дербес деректерді автоматтандырылған өңдеудің негізінде қабылдамайды.

Осымен Сіз Сервисті немесе қызметтерді пайдаланған кезде Орындаушыға қандай да бір дербес деректерді ұсыну бойынша Сізде ешқандай міндеттемелердің жоқтығы туралы Орындаушы Сізді хабардар етеді, ал Сіз осыны растайсыз. Дербес деректерді өңдеу тек қана Сіздің еркін ықтиярыңызға негізделген. Сонымен бірге Сіз дербес деректерді ұсынбасаңыз, Орындаушының Сізге Сервисті толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бере алмайтынын, Сіздің Сервисті пайдалануыңызға шектеу қойылатынын түсінесіз.

## **5. Сіздің дербес деректеріңіз сақталатын және өңделетін аумақ**

Сіздің дербес деректеріңіз Қазақстан Республикасының аумағында жиналады, сақталады және өңделеді.

## **6. Сіздің құқықтарыңыз**

Сіздің құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызды қорғауды қамтамасыз ету үшін сіздің өтінішіңіз бойынша Орындаушы:

– Сіздің дербес деректеріңізді жазбаша сұрау алған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде өңдейтінін не өңдемейтінін растайды;

– ол өңдейтін Сіздің дербес деректеріңізді алу көзі және құрамы туралы хабарлайды;

– Сізге дербес деректеріңізді өңдеудің құқықтық негіздері, мақсаттары, мерзімдері және тәсілдері туралы хабарлайды;

– егер Сіз дербес деректеріңіздің толық еместігін, дұрыс еместігін немесе өзекті еместігін растасаңыз, осындай растауды алған күннен бастап 7 жұмыс күннің ішінде Сіздің дербес деректеріңізге қажетті өзгертулерді енгізеді және енгізілген өзгертулер туралы хабардар етеді;

– Сіздің дербес деректеріңізге қол жеткізуге рұқсаты бар және Сіздің дербес деректеріңіз Сіздің келісіміңізбен ашыла алатын ұйымдардың атауы мен орналасқан жерін хабарлайды;

– Сіздің келісіміңізбен Сіздің дербес деректеріңізді өңдеу тапсырылуы мүмкін заңды тұлғалардың атауын Сізге хабарлайды;

– Сізден тиісті жазбаша сұрауды алған жағдайда Орындаушының жаңалықтар материалдары жіберілетіндердің тізімінен алып тастайды;

– егер дербес деректерді өңдеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтық негіздер болмаса, келісімді жазбаша кері қайтарып алуды алған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде Сіздің дербес деректеріңізді өңдеуді тоқтатады;

– Сіздің дербес деректеріңізді заңсыз өңделіп жатқандығы расталған жағдайда олардың өңдеуді тоқтатады және Сізді қабылданған шаралар туралы хабардар етеді;

– Сіздің дербес деректеріңіздің заңсыз алынғаны немесе мәлімделген өңдеу мақсаттарына сай келмейтіндігі расталған жағдайда тиісті растауды алған күннен бастап 4 жұмыс күннің ішінде Сіздің дербес деректеріңізді жояды және Сізге қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

## **7. Сұрауларды, шағымдарды қарау. Дауларды шешу**

Егер Пайдаланушының Орындаушыға сұрағы/сұрауы бар болса және/немесе Пайдаланушы дербес деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзып жүзеге асырылып жатыр деп есептесе, Пайдаланушы электрондық поштасының

мекенжайына: [info@bazarjoq.kz](mailto:info@bazarjoq.kz) немесе Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280 ғимарат, пошталық индексі А15G7M6 мекенжайы бойынша поштамен «Дербес деректер туралы сұрау» тақырыбымен хат жіберу арқылы даулы жағдайды шешу үшін Орындаушыға жүгіне алады.

Орындаушы Сізден жауапты Сізге дайындау үшін қажетті Сіздің сұрауыңызға қатысты қосымша ақпаратты ұсыну құқығын өзіне қалдырады.

Пайдаланушы сондай-ақ дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органға (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне) жүгіне алады.

Орындаушы Пайдаланушының өз бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті органдарға, сондай-ақ сот органдарына жүгінуге құқығын пайдалана алатыны туралы хабардар етілді.

## **8. Пайдаланушының құқықтары. Дербес деректерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алу**

Пайдаланушы Орындаушы жинайтын, сақтайтын, өңдейтін және беретін дербес деректерінің Орындаушыда бар екендігі туралы білуге құқылы.

Пайдаланушы оның дербес деректерінің қалай қолданылып жатқандығы туралы ақпарат алуға құқылы. Дербес деректерді пайдалану мақсаттары, жинау және өңдеу тәсілдері, сондай-ақ дербес деректерді өңдеу және сақтау мерзімдері туралы бүкіл ақпаратты осы Саясаттан оқып алуға болады. Пайдаланушылар сондай-ақ осы Саясаттағы байланыс деректерін пайдаланып, түсіндірме алу үшін жүгіне алады.

Пайдаланушы дербес деректерін өзгертуді немесе толықтыруды, өзі туралы қате ақпаратты түзетуді сұратуға құқылы.

Кейбір жағдайларда Орындаушы Пайдаланушыдан растайтын құжаттарды сұрата алады.

Егер Пайдаланушы Сервисте тіркелген болса, ол кейбір дербес деректерін Сервердегі өз аккаунтының тиісті бөлімінде өзгерте алады немесе жаңарта алады.

Орындаушының дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарын бұзғаны туралы ақпарат болған жағдайда Пайдаланушы Орындаушының дербес деректерді бұғаттауын (деректерді жинауды және өңдеуді уақытша тоқтату бойынша іс-қимылдар) талап етуге құқылы.

Орындаушы Пайдаланушының келісімінің негізінде, сондай-ақ осы саясат пен Жария офертада көрсетілгендей басқа негіздер бойынша жиналған дербес деректерді өңдеу, және оларды серіктестерге беру құқығын өзіне қалдырады.

Пайдаланушы Орындаушыға электрондық поштасының мекенжайына: [info@bazarjoq.kz](mailto:info@bazarjoq.kz) немесе Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280 ғимарат, пошталық индексі А15G7M6 мекенжайы бойынша поштамен «Дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді кері қайтарып алу» тақырыбымен хат жіберу арқылы дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімін кез келген сәтте кері қайтарып алуға құқылы. Талап мыналарды қамту керек: субъектінің ТАӘ, телефон нөмірі, эл.поштасы және/немесе пошталық мекенжайы, өңделуі тоқтатылуға тиіс дербес деректері.

## **9. Дербес деректерді беру мерзімдері және тәртібі**

Орындаушы заңды негіздер болған жағдайда ғана дербес деректермен басқа тараптармен (үшінші тұлғалармен) алмасуға құқылы. Дербес деректерді басқа тараптарға (үшінші тұлғаларға) берген кезде Орындаушы шарт/келісім жасасады және дербес деректерді қорғау және Орындаушының қауіпсіздік, құпиялылық және қорғау стандарттарын сақтау үшін қауіпсіздік механизмдерін пайдаланады.

Орындаушы өзінде сақталып тұрған дербес деректерді мыналарға бере алады:

– Оған қосымшаларды, функционалдық мүмкіндіктерді, деректерді өңдеу бойынша қызметтерді немесе АТ-қызметтерін ұсынатын шеттегі ұйымдар-қызметтерін ұсынатын шеттегі ұйымдарға. Мысалы, ақпараттық технологияларды, сервис ретінде бұлттық бағдарламалық жасақтаманы, веб-сайттар хостингі және оларды басқару, деректерді талдау, деректерді резервтік көшіру саласындағы қызметтерді, сондай-ақ деректерді қорғау және сақтау саласындағы қызметтерді және т.б. жеткізушілерге;

– басқа жолмен оған тауарларды сатуға (жеткізуге) және/немесе ақпарат беруге көмек көрсететін шеттегі ұйымдарға;

– аудиторларға және басқа кәсіби кеңес берушілерге;

– Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Құқық қорғау және басқа мемлекеттік және реттеу органдарына, сондай-ақ басқа уәкілетті органдарға, шеттегі ұйымдарға және тұлғаларға;

– қолданыстағы заңнама мен нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтауы тексеру немесе болжалды қылмысты тергеу, сондай-ақ заңды құқықтарын анықтау, жүзеге асыру немесе қорғау мақсатымен дербес деректерді ашуды сұратуға уәкілеттігі бар шеттегі ұйымдарға;

- Орындаушының компаниялар тобына кіретін заңды тұлғаларға (Орындаушының бас, еншілес және бір бас компанияның еншілес компаниялары).

Орындаушы дербес деректерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес құқығы бар болған жағдайда аша алады.

## **10. Дербес деректерді өңдеуді тоқтату**

Орындаушы сіздің дербес деректеріңізді өңдеуді:

– дербес деректерді өңдеу жағдайлары басталған кезде немесе белгіленген мерзімдер өтіп кеткен кезде;

– оларды өңдеу мақсаттарына жеткен кезде немесе осы мақсаттарға жету қажеттігін жоғалтқан жағдайда;

– егер өңделетін дербес деректер заңсыз алынған болып табылса немесе мәлімделген өңдеу мақсаттары үшін қажетті болып табылмаса, Пайдаланушының талабы бойынша;

– егер өңдеудің заңдылығын қамтамасыз ету мүмкін болмаса, дербес деректерді заңсыз өңдеу анықталған жағдайда;

– дербес деректерді өңдеуге келісімнің әрекет мерзімі өтіп кеткен соң немесе, егер дербес деректерді өңдеу үшін Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасында көзделген өзге құқықтық негіздер болмаса, мұндай келісімді кері қайтарып алған жағдайда;

– Орындаушы таратылған жағдайда тоқтатады.

## **11. Дербес деректердің қауіпсіздігі**

Дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды өңдеу кезінде Орындаушы Дербес деректерді заңсыз немесе кездейсоқ пайдаланудан, оларды жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, басқаға беруден, таратудан, сондай-ақ дербес деректерге қатысты өзге заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті және жеткілікті құқықтық, ұйымдастыру және техникалық шараларды қабылдайды.

Сіздің дербес деректеріңізді сәйкесінше қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Орындаушы дербес деректердің қауіпсіздігін бұзған жағдайда келтірілуі мүмкін зиянға бағалау жүргізеді, сондай-ақ дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде оларды өңдеу кезінде дербес деректерге төніп тұрған өзекті қауіптерді анықтайды.



Орындаушы дербес деректердің қауіпсіздігі мәселелері бойынша локалды актілерді қабылдады.

Орындаушының дербес деректерге қол жеткізуге рұқсаты бар жұмыскердері осы Саясатпен және Заңмен таныстырылды.

## **12. Cookies**

Орындаушы cookies файлдарын пайдаланады. Cookies файлдары – бұл сайттарға кіру кезінде компьютердің қатты дискілеріне орналастырылатын, сайттардың жұмыс тиімділігін арттыруға, сондай-ақ сайт иесінің артықшылық берілетін тұстар туралы ақпарат алуына арналған шағын мәтіндік файлдар. Cookies-ң өшірілуі сайттың авторландыруды талап ететін бөліктеріне қол жеткізуге мүмкіндіктің болмауына алып келуі мүмкін.

## **13. Үшінші тұлғалардың сайттарына сілтемелер**

Орындаушының сайтында Орындаушы бақыламайтын шеттегі сайттар мен қызметтерге сілтемелер орналастырылуы мүмкін. Орындаушы шеттегі сайттар және/немесе қызметтер жинайтын кез келген ақпараттың қауіпсіздігі және/немесе құпиялылығы үшін жауапкершілік көтермейді, сол сияқты Орындаушы үшінші тұлғалардың веб-сайттарының немесе сервистерінің деректер контенті, олардың саясаты, пайдаланушылардың дербес деректерін жинау және өңдеу шарттары үшін жауапкершілік көтермейді. Үшінші тұлғалардың іс-қимылдарының олардың өз құпиялылық саясаттарымен реттелетінін ескертеміз. Пайдаланушылардан шеттегі ресурстардағы мұндай құпиялылық саясаттарымен өз бетінше танысуын сұраймыз.

## **14. Саясатты өзгерту**

Орындаушы Пайдаланушылардың келісімінсіз, Қазақстан Республикасы заңнамасының талабын ескере отырып, өз қарап білгенінше, бір жақты тәртіппен осы Саясатқа өзгертулерді және/немесе толықтыруларды енгізуге құқылы. Енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар ескерілген Құпиялылық саясаты оны <https://bazarjoq.kz> Сайтында немесе, егер Орындаушының Құпиялылық саясатының жаңа редакцияда өзгеше көзделмесе, орналастырған сәттен бастап күшіне енеді.

## **15. Келісім**

<https://bazarjoq.kz> сервисті пайдалана отырып, Пайдаланушы осы Саясаттың талаптарына сәйкес өз дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге (соның ішінде трансшекаралық) өз келісімін береді.

Орындаушы Пайдаланушылардың дербес деректерін Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде бере алады және сақтай алады. Деректерді трансшекаралық беру кезінде Орындаушы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін талап етілетін шараларды қабылдайды.